

БЕКІТЕМІН:

Мектеп меңгерушісі

Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап әкелту. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстау, әртүрлі қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады"). (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігін түсіндіру. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ және үлкен, бетінің тегіс болуын қарастыру. (еңбек дағдылары)
	Таңғы сәлемдесу. Жарқырап күн де ашылды,	Саусак ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері.	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Міндеттері.	Бауы байланатын ойыншықпен ойнату.	"Кімдікі? дамытушы ойыны. Міндеттері. Балалардың

	Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсат-міндеттері. Сәлемдесу рәсімін әдетке айналдыру; жағымды эмоцияларды дамыту. (сөйлеуді дамыту) Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Міндеттері. Балаға қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығын түсіндіру; эмоциялар сферасын дамыту. Қуыршақтар күлімдейді: "Кел, ойнайық!" - дейді. Қуыршақты тербетейік: "Ұйықташы",- дейік.	Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ – байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) "Балабақша қалайық" құрастыру ойыны. Міндеттері. Текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау	Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика) "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Міндеттері. Көркемсөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу.	Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Бауды ұшынан алайық, Тесіктен өткізіп байлайық. (сөйлеуді дамыту, сенсорика) "Ойыншық мысықпен ойындар". Міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды	жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; отбасындағы заттардың кімге қажет екенін анықтау; еске сақтау қабілетін дамыту. Педагог көзілдірік, қамыс таяқ, ожау, тістеуіктер, қуыршақ, қонжық ойыншығы сияқты ойыншық заттарды балалардың алдарына қояды. Бұнда ата-ананы атамауы да мүмкін, жанындағы немесе кейіпкер ойыншықтарға да үлестіруді ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту) "Торғай" саусақ жаттығуы. Міндеттері. Балаларды тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын келтіреді, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен
--	--	--	---	--	--

	Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар."Қуыршақ Дана". Міндеттері. Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен бірге қосылуға машықтандыру.	қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастырады. (құрастыру) "Қуыршақтарға кәмпиттер" (мүсіндеуден ойын-жаттығу) Міндеттері. Балаларға түрлі түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауды (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу дағдысын жетілдіру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын	Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін! (Тусипжанова-Шагирова А.) (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	үстел үстін қағады. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)
--	---	--	---	--	--

		қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. Саусақ жаттығуы. Саусақтарды аш, жап, Шапалақта, шап-шап. Жұдырықтан, бұлттан, Тамшылатып, там- там.			
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) 1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2. "Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет. Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бәсең, салмақты әуенжазбасын қосу. Қайырлы таң, балақайлар! Қайырлы таң, мөлдір қайнар!				

	Күніміз де бізге күлімдейді: "Сәлем, сәлем!"- дейді. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Міндеттері. Балаларға Дана қуыршақпен бірге сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік пен дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Музыка "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауды үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру. "Барабан" ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды	Дене шынықтыру. "Тақтай бойымен жүреміз" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасағанда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіру, дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру. "Түлкі мен балапандар"	Дене шынықтыру. "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдық дағдыларын дамыту; дене, аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. "Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаң	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету.

		үйрету.	қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту.	әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын -	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жарқырайтынын байқату, күннің жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. <i>Қ. Мырза Әли "Аспанда".</i> Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. "Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.

	сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстық күндері салқын, суық күндері жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз тамаша жер! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей	қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға,	Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық	Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап	- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	--	---	--	--	--

	білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруді үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар.	педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа,	қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсындар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар! Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Әткеншек" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен,	
--	---	---	---	---	--

	Мақсат-міндеттері. Балаларды тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)		дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)	Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Доп кетті домалап" (сурет салудан ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет қарындаш сурет салу құралымен таныстыру, оны үш саусақпен ұстап, түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс- әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп	"Маша мен Аю" ертегісі" (көркем әдебиеттен ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыру, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін еске сақтауды, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой- өрісін, қабылдау қабілетін, еске сақтауын дамыту. "Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Ауызша	"Жолмен жүрейік" (құрастырудан ойын-жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарымен әрекет жасағанда қолдың ұсақ моторикасын, зейіні және қабылдау қабілетін дамыту. "Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кірпіштерді қалап ойнауды үйрету. Зейін, еске ақтау,	"Аю мен қонжық" (қоршаған ортамен танысудан ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. "Аю мен қонжық" суретімен таныстырғанда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту. "Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту. Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын,	"Саусақтар" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтарын белгілі тәртіпте қимылдатуға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. "Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын

отыруға дағдыландыру. Қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. "Допты сипайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттың қасиеттерін тануды үйрету. "Дананы тамақтандырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақтану рәсіміне баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту. Шарты: қуыршақтың	нұсқауды дұрыс орындауды, заттарды бөлек ыдыстарға жинауды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. "Кімге нені береді?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі отбасы мүшесіне берілетін заттар ретін есте сақтауды, қайта айтып беруді жаттықтыру. - Данада ойыншық көп, - Бөлісемін, - дейді ол. - Көлікті - атаға, Қуыршақты - әжеге, Допты - әкеге, Текшені - анаға. - Дана, ал сен нені қалайсың? Қандай ойыншықпен ойнайсың? - Жарайды, - дейді Дана, - ойнайын. - Қандай ойыншықты алайын? "Айна" ойыны. Мақсат-міндеттері. Зейінді, есте сақтауды, байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топ сапқа тұрады. Қалғандары	ойлау, сөйлеуді дамыту. "Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: күннің суреті немесе нақпішіні. Күн ойынына ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру), Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату). (құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі-берлі қозғалды, Тырсылдатты жан-жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)	дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. Көктем мерекесі – Аналар мерекесі. Әже, әпке, қыздарға Сыйлыққа не дайын? (сөйлеуді дамыту, құрастыру)
--	---	--	---	--

	алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау. Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ. (сурет салу, сөйлеуді дамыту)	көрермендер болады. Педагог балалардың алдына тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтің барлық қимылдарын мұқият қайталайды. Содан кейін келесі балалардың тобы ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	"Қуыршақтар" Мақсат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Қуыршақтар күлімдейді: - Кел, ойнайық! - дейді. Қуыршақты тербетейік: - Ұйықташы,- дейік. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсат-міндеттері. Саусақ санамағы арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек - көмек, Ортан терек - бөлек, Шылдыр шүмек - керек, Кішкентай бөбек - көбелек, Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Пішін салғыш ойыншықпен ойын". Мақсат-міндеттері. Пішін салғыш ойыншықтармен ойнау. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Сергіту сәті" Мақсат-міндеттері. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там". (сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".				